

Жаңа заң – жаңа белес, үлкен міндет

Мұғалім – басқа сала мамандықтарына қарағанда, ең қиын, ең ізгілікті мамандықтың бірі. Себебі, басты міндет, әрі маңызды мәселе – еліміздің ертеңі болып саналатын жас ұрпаққа терең білім мен сапалы тәрбие беру. Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді» дегеніндей, ертеңгі ел тұтқасы болар жас буынды тәрбиелеу міндеті ұстаздар қауымына жүктелген. Қоғамда атаулы мамандық иесінің мәртебесі нақтыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойды. Бұл құқықтық құжат ұстаздың ұрпақ санасын білім нәрімен нұрландырушы маман ғана емес, ұлттың тағдырына әсер етуші жауапты тұлға екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Құжат 6 тарау мен 21 баптан тұрады. Кіріспе бөлімнен бастау алып, кейінгі тараулар педагог

мәртебесін айқындауға, педагогтың құқықтары, міндеттері, педагогтың біліктілігін арттыру, оны қайта даярлауға арналып, қорытынды бөліммен тәмамдалған.

Заң білім беру ұйымдарының барлық деңгейінде, оның ішінде қосымша және арнайы білім беру ұйымдарының саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуді, сондай-ақ ұлттық және халықаралық тәжірибені ескере отырып, білім заңнамаларындағы құқықтық ағаттықтарды жою арқылы педагог қызметінің өзекті әлеуметтік және кәсіби мәселелерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін құқықтық тетікті жетілдіру мақсатында әзірленген.

Занда орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері үшін бірталай жаңашылдықтар қарастырылған. 2020 жылы жалақыны 25 пайызға өсіру және төрт жыл ішінде емі есе арттыру көзделген. Педагог өз міндетіне жатпайтын функцияларға тартылудан қорғалады. Сонымен қатар, енді педагогтарды әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады.

Мектепке дейінгі ұйым мамандарының педагогикалық шеберлігі үшін лауазымдық жалақыдан 30 бен 50 пайыз аралығында жаңа қосымша ақы енгізіледі. Бұл санаттағы мұғалімдердің балаларына мектепке дейінгі ұйымдарға бірінші кезекте орын беру мүмкіндігі

қарастырылған.

Педагогтарға жергілікті атқарушы органдар тарапынан баспана беріледі. Дәптер тексергендері үшін қазіргіден екі есе қосымша ақша төленеді. Ауылдағы мұғалімдерге коммуналдық шығындарын өтеу үшін берілетін төлем көлемі де ұлғайтылады. Ең бастысы, мұғалімдер сенбілік, сайлау алды дайындық сынды жұмыстарға мүлдем қатыспайды.

Осы заңның ҚР Парламентінде қабылдануы үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі нәтижелі жұмыстар атқарды. Қоғам арасында талқылауға салып, барша педагогтардан ұсыныстар қабылданды. Министр Асхат Аймағамбетов заң – қаржымен толығымен қамтамасыз етілгендігін, 2024 жылға дейін 5 триллион 3 миллиард теңге осы нормаларды жүзеге асыру үшін бюджеттен бөлінетіндігін айтты. Занда ата-ананың жауапкершілігін арттыру, бала құқығын қорғау, ұстаздарға әдепсіз мінез-құлық көрсеткені үшін, орынсыз есептілік, қағазбастылық, заңсыз тексерістер үшін нақты санкциялар, яғни, айыппұлдар қарастырылған.

Қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» заң білім саласында қызмет атқаратын барлық мамандар үшін маңызды, әрі зор міндет жүктемек.

**С. ҚУАНЫШБАЕВ,
АқМПИ ректоры**